

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процесстерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 261 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 10 қаңтарда № 10211 тіркелді.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процесстерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

К. Келімбетов

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

2014 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 261 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процесстерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" 2010 жылғы 1 наурыздағы № 26 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6167 тіркелген, 2010 жылғы 26 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 439-442 (26285) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісімді беру мен қайтарып алу және оларға біліктілік талаптарын белгілеу ережесінде:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру мен қайтарып алу және оларға біліктілік талаптарын белгілеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зан), "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп туралы Зан) сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісімді беру мен қайтарып алу тәртібін, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді.";

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 128; 20.10.2015 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.08.2016 № 183; 28.10.2016 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 26.12.2016 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын (сақтандыру холдингін) ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандағы № 54 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7542 тіркелген, 2012 жылғы 30 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 360-364 (27438) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын (сақтандыру холдингін) ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру не аталған рұқсатты беруден бас тарту қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру үйымы (сақтандыру холдингі) ерікті түрде қайта үйымдастыруды өткізуге рұқсат алуға арналған өтінішхатты (бұдан әрі – өтінішхат) осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасайды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынады. Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингтері өтінішхатты қағаз тасымалдағышта ұсынады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын қайта үйымдастыруға берілетін рұқсат сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы орындалуы Қайта үйымдастыруды жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленетін мынадай талаптарды сақтаған кезде беріледі:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы жоқ заңды тұлғаға ерікті түрде қайта үйымдастырылған жағдайда – қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының болмауы. Іс-шаралар жоспарына сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының жоғары органдының ерікті түрде қайта үйымдастыру туралы шешім қабылдаған күнгі аудиторлық үйым куәландырған және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерінің жоқ екендігін растайтын қаржылық есептілігі қоса беріледі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығы бар заңды тұлғаға ерікті түрде қайта үйымдастырған жағдайда:

қайта үйымдастырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымындағы ірі қатысуши белгілеріне сәйкес келетін тұлғаларда ірі қатысуши мәртебесін иеленуге берілген жазбаша келісімнің болуы;

қайта үйымдастырылған сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының пруденциалдық нормативтеріндегі болжамдық мәндерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес келуі;

"Бәсекелестік туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда болжанған қайта үйымдастыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын орындау туралы монополияға қарсы органдың қорытындысын ұсыну.";

қосымша Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандағы № 67 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7552 тіркелген, 2012 жылғы 19 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 330-335 (27409) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидалары және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарда:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке немесе заңды тұлға қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) жеке тұлғаның жеке басын қуәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтерді, заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері), сатып алынатын қаржы үйымы акцияларының саны, олардың құны, сатып алу болжанып отырған қаржы үйымының акциялары санының тиісінше банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, инвестициялық портфельді басқарушының орналастырған (артықшылықты және сатып алынғандарды шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді көрсете отырып, қаржы үйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы (бұдан әрі – өтініш беруші) мәртебесін иеленуге еркін нысанда жасалған өтінішті береді.

Бір мезгілде бірнеше қаржы үйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы немесе банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің мәртебесін алатын жағдайда өтініш беруші ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін алуға ниет білдірген қаржы үйымдарының атауы көрсетілген өтінішті береді.

Өтініште өтініш беруші онымен бірлесіп қаржы үйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы болуды болжап отырған тұлғалардың және акцияларды (жарғылық капиталдардағы қатысу үлестері) иеленуді қаржы үйымының акцияларын жанама иелену арқылы (дауыс беру) жүзеге асыратын тұлғалардың тізімі көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғалар өтінішті қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынады. Қазақстан Республикасының резиденті еместер өтінішті қағаз тасымалдағышта ұсынады.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтініш беруші уәкілетті органға өтінішпен бірге тиісінше Банктер туралы заңдың 17-1-бабының 4, 5, 6, 7, 7-1 және 12-тармақтарында, Сақтандыру туралы заңдың 26-бабының 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңдың 72-1-бабының 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.";

5-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер өтініш беруші банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі не басқа қаржы үйымының ірі қатысуышы болса, онда уәкілетті органға ұсынылатын қайта капиталдандыру жоспары осы қаржы үйымының қайта капиталдандыру жоспарына сәйкес өтініш берушінің міндеттемелері ескеріле отырып жасалады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7-тармақтарында көрсетілген құжаттарды осы құжаттардың мазмұны өзгерген не олардың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органға бұрын тапсырған тұлғалар ұсынбайды. Бұл ретте, уәкілетті органға өзгерістер енгізілген немесе қолдану мерзімдері аяқталған құжаттар ғана ұсынылады. Қаржы үйымының ірі қатысуышы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін иелену туралы өтініште уәкілетті органға бұрын тапсырылған құжаттар туралы (шығыс құжаттың күні, нөмірі) мәліметтер, сондай-ақ оларды ұсыну негіздемесі көрсетіледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Бұрын қаржы үйымының ірі қатысуышы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін алған тұлға заңды тұлғаның атауы өзгерген, сондай-ақ қаржы үйымының ірі қатысуышы мәртебесіне ие болу өтінішінде көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда заңды тұлғаның әділет органында мемлекеттік қайта тіркеуден өткен күнінен немесе қаржы үйымының ірі қатысуышы мәртебесіне ие болу өтінішінде көрсетілген мәліметтерде өзгерістер туындаған күннен бастап он бес жұмыс күні үшінде көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органды хабардар етеді.

Қаржы үйымының ірі қатысуышы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін алу үшін бұрын берілген келісімге өзгеріс енгізуге және осы өзгерістерге уәкілетті органның келісімін алу талап етілмейді.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бұрын банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін алған және кейіннен банктің ірі қатысуышының және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының белгісін ғана иеленіп отырған тұлға көрсетілген сәйкесіздік туындаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті орган алдында уәкілетті органның осының алдында банк холдингі және (немесе)

сақтандыру холдингі мәртебесіне ие болуға берген келісімінің қолданылуын тоқтату туралы және көрсетілген өзгерісті растайтын құжаттарды ғана ұсына отырып банктің және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының ірі қатысуышы мәртебесіне ие болуға уәкілетті органның келісімін беру туралы өтініш білдіреді.

20. Бұрын қаржы үйымының ірі қатысуышы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін алған және кейіннен қаржы үйымының ірі қатысуышы, банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің белгісін иеленбекен тұлға көрсетілген сәйкессіздік туындаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде көрсетілген өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсына отырып уәкілетті орган алдында уәкілетті органның бұрын берген келісімінің қолданылуын тоқтату туралы өтініш білдіреді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Уәкілетті орган қаржы үйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысуышы мәртебесін иеленуге берген келісімін Банктер туралы заңын 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңын 26-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңын 72-1-бабында көрсетілген негізdemeler бойынша қайтарып алады.

Бұл жағдайда мұндай шара қолданылатын тұлға Банктер туралы заңын 17-1-бабының 15-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңын 26-бабының 13-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңын 72-1-бабының 13-тармағында тиісінше көрсетілген талаптарды сақтаған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға растауды береді".

8. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 24 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне еншілес үйымды құруға немесе иемденуге, үйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес үйымды құруға, иемденуге, үйымның капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу қагидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 26 наурыздағы № 129 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7619 тіркелген, 2012 жылғы 15 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінде № 510-515 (27588) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне еншілес үйымды құруға немесе иемденуге, үйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, сондай-ақ еншілес үйымды

құруға, иемденуге, ұйымның капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілдегі орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің:

1) Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша еншілес ұйым құруына немесе иеленуіне;

2) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұйымдардың капиталында қомақты қатысуына берілген және одан қайтарып алынған рұқсаттардың тізілімін жүргізеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі уәкілдегі органға Заңның 32-бабының 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, еркін нысандағы өтінішті, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) және (немесе) сақтандыру холдингі, нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі болжамды құратын немесе иеленетін еншілес ұйымы кіретін сақтандыру тобының пруденциалдық нормативтерінің және құрылатын немесе иеленетін еншілес ұйымды ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және (немесе) сақтандыру холдингтері сақтауға міндепті уәкілдегі орган белгілеген басқа да нормалар мен лимиттердің есебін береді.

Талап етілетін құжаттар қоса беріле отырып, өтініш қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингтері өтінішті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлері лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ұйымдардың капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі уәкілдегі органға Заңның 32-бабы 4-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып еркін нысанда жазылған өтінішті ұсынады.

Талап етілетін құжаттар қоса беріле отырып, өтініш қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингтері өтінішті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі қомақты қатысатын занды тұлғаның басшы қызметкерлері (немесе басшы

қызметкерлері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

10. Қазақстан Республикасының резиденттері - банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының капиталында қомақты қатысуға рұқсат алу үшін уәкілетті органға Заңның 32-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Еншілес ұйымды құруға, иеленуге, ұйымның капиталында қомақты қатысуға берілген рұқсат қайтарып алынған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі Заңның 32-бабының 13-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өздеріне тиесілі акцияларды (қатысу үлесін) иеліктен шығару жүргізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға еркін нысандағы хабарламаны ұсынады.";

3-қосымша Тізбенің 6-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша Тізбенің 7-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

11. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2019 № 149 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 191 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі

көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін онтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне

1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі
көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін оңтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі
көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін оңтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 128 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі
көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін оңтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 24 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі
көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін оңтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
5-қосымша

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі
көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін оңтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне
6-қосымша

"Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымына
және (немесе) сақтандыру холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе иемденуге

,
ұйымдардың капиталына қомақты
қатысуға
рұқсат беру, сондай-ақ еншілес ұйымды
құруға, иемденуге, ұйымның капиталына
комақты қатысуға берілген рұқсатты
кері қайтарып алу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

сурет үшін орын

**Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлері)
лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар)
туралы ақпарат**

(еншілес ұйымның атауы)

(еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкери)
лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың)
тегі, аты, бар болса – әкесінің аты

және еншілес ұйымдағы басшы қызметкердің лауазымы немесе кандидат
тағайындалатын лауазым көрсетіледі)

1. Жалпы мәліметтер:

Тұған күні мен жері

Азаматтығы

2. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

3. Жұмыс орнының (орындарының) мекенжайы (мекенжайлары)
байланыс телефоны _____

4. Білімі:

№	Оку орнының атауы	Түскен күні - аяқтаган күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері, біліктілігі	Оку орнының орналасқан жері
1.					

5. Зайыбы, жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) және жекежаты (зайыбының (жұбайының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, бар болса – әкесінің аты	Тұған жылы	Туыстық катынасы	Жұмыс орны мен лауазымы
1.				

6. Еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкерлері лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы немесе акцияларын иеленуі туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялары санының дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1.			

7. Соңғы үш жылда өткен біліктілігін көтеру семинарларынан, курстарынан өту туралы мәліметтер:

№	Ұйымның атауы	Өткізу күні мен орны	Сертификаттың деректемелері (нөмірі, берілген күні)
1.			

8. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) өз еңбек қызметінде қызмет атқарған (атқаратын) лауазымдары, оның ішінде уәкілетті органға келісу туралы өтінішхат ұсынған қаржы ұйымындағы, холдингтегі қызметі туралы мәліметтер көрсетіледі.

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік жазақ қолданудың болуы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері
1.					

9. Еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкери лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізуі туралы мәліметтер:

(қаржы ұйымының атауы, кандидаттың аудиторлық есепке аудитор - орындаушы ретінде қол қойған күні көрсетілсін).

10. Осы ұйымдағы және (немесе) басқа ұйымдардағы директорлар кеңесінде және инвестициялық комитеттерде мүшелігі туралы мәліметтер:

№	Кезеңі (күні, айы, жылы)	Ұйымның атауы	Лауазымы, келісу күні (талаң етілген болса)	Жұмыстар шығарылу, лауазымнан босатылу себептері
1.				

11. Бар жариялымдар, ғылыми әзірлемелер және басқа да жетістіктер:

(иә (жоқ) бар болған жағдайда күні, қай басылымдарда екендігі көрсетілсін)

12. Алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер:

№	Күні	Сот органының атауы	Соттың орналасқан жері	Жаза түрі	Заннама актісінің кандидат қылмыстық жауапқа тартылған бабы	Сот процессыалдық шешім қабылдаған күн
1.						

13. Өзіне қабылдаған ақшалай міндеттемелерді орындау фактісінің болуы туралы мәліметтер:

(иә (жоқ), көрсетілген фактілер болған жағдайда, ұйымның атауын және міндеттеме сомасын көрсету қажет)

14. Сактандыру (қайта сактандыру) ұйымы және (немесе) сактандыру холдингі қомақты қатысатын ұйымдағы басшы қызметкер немесе тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілдегі орган Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын, банк холдингін консервациялау, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім

қабылдағанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын (атқарушы органның) директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға) және оның орынбасары, бас бухгалтері, жеке тұлға – ірі қатысушы, қаржы ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының (банктік немесе сақтандыру холдингінің) бірінші басшысы болғандығы туралы мәліметтер.

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін).

15. Басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу туралы және қаржы ұйымының, холдингтің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының қызметтік міндеттерін орындаудан уәкілетті органның шеттетуі туралы деректердің болуы.

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу үшін негіздеме және осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы көрсетілсін).

16. Қаржы ұйымының, холдингтің қызметі мәселелері бойынша қаржы ұйымының, холдингтің басшысы ретінде сот қарауында жауапкер ретінде тартылды ма:

(иә (жоқ), күні, қаржы ұйымының, холдингтің, сот қарауында жауап берушінің атауы, қаралатын мәселе және сот шешімі көрсетілсін).

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын.

Тегі, аты бар болса – әкесінің аты

(баспа әріптерімен)

Еншілес	ұйымның	тәуелсіз	директорының	лауазымына	кандидат	толтырады:
M	e	n	,			
(тегі,	аты,	бар	болса	-	әкесінің	аты)
тәуелсіз директор лауазымына тағайындау (сайлау) үшін "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.						

Күні _____

Колы _____ "

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі

көрсететін мемлекеттік қызметтердің
бизнес-процестерін оңтайландыру және
автоматтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесіне

7-қосымша

"Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымына

және (немесе) сақтандыру холдингіне
еншілес ұйымды құруға немесе иемденуге

,
ұйымдардың капиталына қомақты
қатысуға

рұқсат беру, сондай-ақ еншілес
ұйымды құруға, иемденуге, ұйымның
капиталына қомақты қатысуға берілген
рұқсатты кері қайтарып алу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

сурет үшін орын

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі
қомақты қатысатын ұйымның басшы қызметкерлері немесе басшы
қызметкерлері лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын
кандидаттар туралы ақпарат**

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру
холдингі қомақты қатысатын ұйымның басшы қызметкерінің немесе басшы
қызметкері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын
кандидаттың тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру
холдингі қомақты қатысатын ұйымның басшы қызметкерінің немесе басшы
қызметкері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын
кандидаттың тегі, аты, бар болса – әкесінің аты

және басшы қызметкердің лауазымы немесе сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі қомақты қатысатын ұйымдағы,
холдингтегі тағайындалатын кандидаттың лауазымы)

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні мен жері

Азаматтығы

Жеке басын қуәландыратын құжаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кім берген)

2. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

3. Жұмыс орнының (орындарының) мекенжайы (мекенжайлары) байланыс телефоны

4. Білімі:

№	Оку орнының атауы	Түскен күні - аяқтаган күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері, біліктілігі	Оку орнының орналасқан жері
1.					

5. Зайыбы, жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) және жекжаты (зайыбының (жұбайының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, бар болса – әкесінің аты	Туған жылы	Туыстық катынасы	Жұмыс орны мен лауазымы
1.				

6. Еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкерлері лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы немесе акцияларын иеленуі туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялары санының дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1.			

7. Соңғы үш жылда өткен біліктілігін көтеру семинарлары, курстары туралы мәліметтер:

№	Ұйымның атауы	Өткізу күні мен орны	Сертификаттың деректемелері (нөмірі, берілген күні)
1.			

8. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта еншілес ұйымның басшы қызметкері (немесе басшы қызметкері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат) өз еңбек қызметінде қызмет атқарған (атқаратын) лауазымдары, оның ішінде уәкілетті органға келісу туралы өтінішхат ұсынған қаржы ұйымындағы, холдингтегі қызметі туралы мәліметтер көрсетіледі.

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері
1.					

9. Еншілес ұйымның басшы қызметкерінің (немесе басшы қызметкері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттың) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізуі туралы мәліметтер:

(қаржы ұйымының атауы, кандидаттың аудиторлық есепке аудитор - орындаушы ретінде қол қойған күні көрсетілсін).

10. Осы ұйымдағы және (немесе) басқа ұйымдардағы директорлар кеңесінде және инвестициялық комитеттерде мүшелігі туралы мәліметтер:

№	Кезеңі (күні, айы, жылы)	Ұйымың атауы	Лауазымы, келісу күні (талап етілген болса)	Жұмыстан шығарылу, лауазымнан босатылу себептері
1.				

11. Бар жариялымдар, ғылыми әзірлемелер және басқа да жетістіктер:

(иә (жоқ) бар болған жағдайда күні, қай басылымдарда екендігі көрсетілсін)

12. Алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер:

№	Күні	С от органының атауы	Соттың орналасқан жері	Жаза түрі	Заңнама актісінің кандидат қылмыстық жауапқа тартылған бабы	Сот процессыалдық шешім қабылдаған күн
1.						

13. Өзіне қабылдаған ақшалай міндеттемелерді орындау фактісінің болуы туралы мәліметтер:

(иә (жоқ), көрсетілген фактілер болған жағдайда, ұйымның атауын және міндеттеме сомасын көрсету қажет)

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі қомақты қатысатын ұйымдағы басшы қызметкер немесе тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидат қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын, банк холдингін консервациялау, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын (атқарушы органның) директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға) және оның орынбасары, бас бухгалтері, жеке тұлға – ірі қатысушы, қаржы ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының (банктік немесе сақтандыру холдингінің) бірінші басшысы болғандығы туралы мәліметтер.

(иә (жок), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін).

15. Басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу туралы және қаржы ұйымының, холдингтің, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының қызметтік міндеттерін орындаудан уәкілетті органның шеттетуі туралы деректердің болуы.

(иә (жок), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу үшін негіздеме және осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы көрсетілсін).

16. Қаржы ұйымының, холдингтің қызметі мәселелері бойынша қаржы ұйымының, холдингтің басшысы ретінде сот қарауында жауапкер ретінде тартылды ма:

(иә (жок), күні, қаржы ұйымының, холдингтің, сот қарауында жауап берушінің атауы, қаралатын мәселе және сот шешімі көрсетілсін).

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын.

Тегі, аты, бар болса – әкесінің аты

(баспа әріптерімен)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі қомақты қатысатын ұйымның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат толтырады:

Мен,

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты)

тәуелсіз директор лауазымына тағайындау (сайлау) үшін "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінді растаймын.

Күні _____
Колы _____".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК